

**Секей Ж.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Қазақстан, Семей

e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕР ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада әйел қаламгерлерге тән шындықты қабылдау мен интерпретациялау ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Жалпыадамзаттық мәселелерге әйелше қарайтын, әйел дүниетанымымен көз тастайтын әйел прозасының тамыр соғысын дөп табатын антропоцентристік аспектіде әлемнің көркем бейнесі талданады.

Мақаланың мақсаты – әйел қаламгерлер туындыларында ұшырасатын көркемдік тәсілдерді анықтау. Автордың дүниетанымы мен сезімдік қабылдау тәжірибесі орын тепкен туындының бейнелі құрылымы мен тақырыбына гендерлік сәйкестік пен әлеуметтік рөлдердің әсері зерттеледі. Кейіпкердің ішкі жан-дүниесін бейнелеу ерекшеліктері, сондай-ақ табиғатқа, қоғамға және отбасына деген белгілі бір көркемдік кодты қалыптастырушы қатынастар зерделенеді. Әйел прозасындағы әлемнің көркем бейнесін зерттеу қаламгер қыздар туындыларындағы құндылықтарды анықтауға, осы әдеби құбылысты бейнелейтін жазушылардың құндылық иерархияларын, олардың әлем турасындағы білімдері мен оймақтай ойларының тұтас жүйесін модельдеуді қамтитын мәтінді аксиологиялық талдау деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** әйелдер прозасы, әлемнің көркем бейнесі, кейіпкер, гендерлік сәйкестік, әйел тағдыры, көркемдік тәсіл.

**Секей Ж.**

Университет имени Шакарима города Семей

Казахстан, Семей

e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)

## **ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ МИРА В КАЗАХСКОЙ ЖЕНСКОЙ ПРОЗЕ**

**Аннотация.** В статье подчеркиваются особенности восприятия и интерпретации реальности, присущие женщинам-писателям. Художественный образ мира рассматривается в антропоцентрическом аспекте, где женская проза обращается к общечеловеческим проблемам, раскрывая их с женской точки зрения.

Цель исследования – выявить художественные приемы, встречающиеся в творчестве писательниц. Исследуется влияние гендерной идентичности и социальных ролей на образную структуру и тематику произведения, которые складываются под влиянием авторского мировоззрения и чувственного восприятия. Особое внимание уделяется способам передачи внутреннего мира персонажей, а также художественным кодам, определяющим отношение к природе, обществу и семье. Исследование художественного образа мира в женской прозе позволяет выявить ценности, заложенные в произведениях писательниц, а также выйти на уровень аксиологического анализа текста. Этот анализ охватывает моделирование иерархии ценностей писательниц, отражающих данное литературное явление, а также систему их знаний и глубоко осмысленных взглядов на мир.

**Ключевые слова:** женская проза, художественный образ мира, персонаж, гендерная идентичность, женская судьба, художественные приемы.

**Sekey Zh.**

Shakarim University of Semey city

Kazakhstan, Semey

e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)

## **ARTISTIC IMAGE OF THE WORLD IN KAZAKH WOMEN'S PROSE**

**Abstract.** This article highlights the unique ways in which women writers perceive and interpret reality. The artistic image of the world is examined from an anthropocentric perspective, women's prose engages with universal human issues, presenting them through a distinctly female lens.

The study aims to identify the artistic techniques found in the works of female writers. The influence of gender identity and social roles on the figurative structure and themes of the literary works, which are shaped by the author's worldview and sensory perception, is studied. Special attention is paid to the ways of conveying the inner world of characters, as well as artistic codes that determine the attitude toward nature, society, and family.

The study of the artistic image of the world in women's prose allows us to identify the values embedded in the works of female writers. Moreover, it enables a deeper axiological analysis of the text, encompassing the modeling of value hierarchies among female writers, reflecting this literary phenomenon, and providing a comprehensive system of their knowledge and perspectives on the world.

**Keywords:** women's prose, artistic image of the world, character, gender identity, women's fate, artistic techniques.

**Кіріспе.** Әдеби туындыдағы әлемнің көркем бейнесі – бұл қайсыбір оқиғалар мен құбылыстарды, қаһармандарды, олардың іс-әрекеттерін, тікелей не болмаса жанама авторлық бағалауды еншілеген, лирикалық шегіністерді, пейзажды, тұрмыстық үзілімдер мен әлемді көркемдік қырынан зерттеу мен бейнелеудің өзге де құралдарын қамтитын көркемдік тұрғыдан зерттеудің тікелей авторлық объектісі. Сондықтан көркем мәтіннің бұл компонентін туындының ерекшелігі мен онда нақты көрініс тапқан әдеби құбылысты анықтайтын, негіздейтін ғылыми негізі бар деп санауға болады. Әйел прозасында орын тепкен авторлық «мен», әдетте, оқырманды тұңғыыққа тартатын оқиғаларды қайталаушы (ретранслятор) рөлін атқарады. Осылайша оған не болып жатқанын өз бетінше бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақ сөз өнерінің бір бөлігін құрайтын «әйел прозасы» туындыларындағы суреттеліп отырған әлемнің көркем бейнесі, ең әуелі, әлеуметтік ортаның әсері мен суреткердің өмірлік және дүниеге деген көзқарастары негізінде қалыптаса отырып, тұтастай әйел прозасы әлемінің жалпы көркем бейнесінде мозаика тәріздес құрастырылған шығармашылық тұлға әлемінің бейнесімен тікелей байланысты болып келеді.

Туындыда бейнеленген әлемнің көркем бейнесінің негізгі қызметі – көркем мәтінді қабылдау нәтижесінде туындайтын адам баласының эмоционалды сілкінісінің қуат-күші арқасында адамның қуанышы мен қайғысымен бөлісу, рухани ортақтасу, жанды нұрландыру, адамгершілік тұрғыдан тазару, катарсис.

Заманауи әйел прозасы – әйел затының күнделікті өмірдегі тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін, нәзік жанды жаратыс иелерінің әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік мәселелеріне иек артатын, олардың қоғамдағы алар орны мен қадір-қасиетін бағалауға ұмтылыс жасайтын, оқырманды әйел жанының тылсым құпия сырларының тұңғыығына батыратын шығармашылық құбылыс. Нәзік жандылардың қауырсын қаламынан туған туындыларында сұлулық пен нәзіктіктен іргесі қаланған көркем әлем жасалады. Әйел прозасында бұрымдылар тек авторлық идеяны қалың жұртшылыққа жеткізуші ғана емес, сонымен бірге шығарманың басты кейіпкері де өзі, күмәнданушы да, іздеуші де, әлемдегі өмір сүру үйлесімінен айырылып, баз кешуші де, сан түрлі сынақ пен қателіктер жасау арқылы өмірден өз орнын таба білетін, болып жатқанның бәрі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға даяр жанкешті тұлға. Әйелдің өзін-өзі тану мәселесі көп жағдайда туындының негізгі мазмұнының тінін құрайды. Ол өмірдегі сан алуан тұрмыстық жағдайлар шегінде көрініс табады. Көбінесе шығарманың оқиғалық әрекеті шегіне жетпей қусырыла тарылып, кейіпкердің өмірді қабылдауындағы оқиғаның дамуы бірнеше сюжеттік коллизиялармен шектеліп қалып жатады. Адам баласы мен оның санасы философиялық талдауды қамтитын көркемдік жағынан үңіле зерттеуді қажет етеді. Бұл дегеніміз әйелдер прозасы тарихи және әдеби тұрғыдан қызығушылықтың нысаны ғана емес, сонымен қатар бүгінгі әдебиеттің басты феномені ретінде қызмет ететіндігін көрсетеді деген сөз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу нысанына алынған шығарма кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін ашу үшін *әдеби талдау әдісі*, кейіпкерлер жүйесін, өзара байланысын саралау, кеңістік пен уақыттың ұйымдасуын талдау мақсатында *құрылымдық әдіс* басшылыққа алынды. Шығармалардағы әлемнің көркемдік бейнесін салыстыру, суреткерлердің көркемдік тәсілдеріндегі ортақ немесе өзгеше қырларын анықтау үшін *салыстырмалы әдіске*, әйел қаламгерлердің шығармаларындағы әйел тағдырын бейнелеу ерекшеліктерін айқындау үшін *гендерлік талдау әдісіне*, әлемнің көркем бейнесінің көпқабатты құрылымын зерделеу, мәтіннің мағыналық қабатын айқындау үшін *деконструктивті талдау әдісіне* жүгіндік.

Әлемнің авторлық көркем бейнесіне орыс теоретигі М.М. Бахтин «нақты әлемге балама бола алатын және автордың шығармашылық қызметінің нәтижесін білдіретін әлемді бейнелеудің ерекше түрі» деген анықтама береді [1, 211]. Авторлық бейненің басты ерекшелігі – жазушының ішкі әлемімен (ұлттық және жеке компонент) қоса нақты не болмаса виртуалды шындықты бейнелеу. Әрине, ол интеллектуалды, ақыл-ой мүмкіндіктерімен, автордың бейнелеген заты пен құбылысқа эмоционалды қатынасымен, сонымен қатар біз өмір сүріп отырған қоғамның заңдылықтарымен анықталады.

Әлемнің әйелдік бейнесінің негізін шындықты бейнелеу тәсілі ретінде концептосфера құрайды деп пікір айтатын ғалымдар қатары бір шоғыр. Бұл турасында С.А. Аскольдов [2, 267-279], Д.С. Лихачёв [3, 280-287], Л.В. Миллер [4], т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері бар. Концептіге «подразумевается подставка значения <...> потенциальное значение, облегчающее понимание и тесно связанное с человеком и его национальным, культурным, профессиональным, возрастным и прочим опытом» [5] деген анықтама береді.

Негізінде «әлемнің көркем бейнесі» ұғымын алғаш рет М.С. Мейлах ғылыми

айналымға енгізді [6, 116-125]. Бүгінде ғылымда оған мәнделес бірқатар терминдердің (әлемнің көркем моделі, әлемнің көркемдік бейнесі, көркемдік шындық) бар екеніне қарамастан орыс ғалымы Т.А. Чернышова «көркем әлемнің дербестігі мен өзіндік құндылығын атап қана қоймай, ең алдымен өнердің танымдық мүмкіндіктерін, оған тән деңгей мен объективті шындықты ұғыну ауқымдылығын ашуға арналған» [7, 55] дей келе, «әлемнің көркем бейнесі» терминін қолдануды құп көреді.

Жалпы теориялық зерттеу еңбектерде әлемнің көркем бейнесі психолингвистикалық (Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, А.М. Шахнарович, т.б.), прагматикалық (А.Н. Баранов), деривациялық (Е.С. Кубрякова, Л.Н. Мурзин), коммуникативті (Г.А. Золотова, Б.С. Болотнова), жанрлық-стильдік (М.М. Бахтин, М.Н. Кожина) тұрғыдан қарастырылады. Соңғы кездері автордың дүниетанымдық санасына негізделген қаламгердің әлемді қабылдау мен әлемді бейнелеу көрінісі аясында әдеби туындыны қарастыратын антропоцентристік бағыт анықталып отыр. Бұл негізгі авторлық сипаттамалардың түйісуі арқылы көрінеді. И. Щипова мен Е. Гончарованың «Авторская картина мира фиксирует, в первую очередь, уникальность творческого субъекта. Её индивидуально-личностная составляющая определяет сущность текста как произведения словесного искусства и эстетического события. Вместе с тем, как и картина мира любого индивида, она включает в себя универсальное и национальное» [8, 92] – деген ғылыми тұжырымдары біздің ойымызды бекіте түседі. Автор көркем мәтінде өзіндік қолданысқа тән тілдік құралдар көмегімен әлемнің бейнесін жасауға талпынады. Сонымен қатар мәтіндік элементтердің өзара әрекеттесуі арқылы бейнеленуіне түсініктеме беріп, бағалайды, осылайша баяндаудың бағалау-модальды жоспарын қалыптастырады. Суреткердің дүниетанымын, оның шындыққа деген көзқарасын, затты не құбылысты идеялық-

адамгершілік тұрғыдан интерпретациялаумен көмкерілген мәтінді субъективті ұйымдастырудың маңызды компоненттерінің бірі – ол «автор бейнесі». Бұл ұғымды ғылыми қолданысқа тұңғыш рет орыс ғалымы В.В. Виноградов енгізді. Көркем мәтіндегі реальды не болмаса виртуальды шындық авторлық сана сүзгісінен сыналап өтіп барып сынған сәуле түрінде түзіледі. Автор бейнесі өзіндік тұжырымдамасымен, дербес пікірімен, ішкі сенімімен, өзіне ғана тән симпатиясымен, антипатиясымен, құндылық бағдарымен, әрине, көркем мәтінді тудырушының бейнесімен әрдайым сәйкес келе бермейді. Әлбетте, көбінесе, ол әдеби туындыда тілдік құралдармен жөрмеделіп, туындының өзі сияқты сомдалады.

**Талдау мен нәтижелер.** Әйелдер прозасының өкілдері қазіргі әйелдің ішкі әлемін ашу, қоршаған ортаның сонымен қатар өмірдегі әртүрлі, ерекше күрделі жағдайлардың әсерінен жеке тұлға санасының деформациясын бақылауды өздерінің негізгі шығармашылық алдындағы міндеттері деп санайды. Әйелдер шығармашылығында әлемнің көркем бейнесін жасау – суреткердің өз туындысындағы кейіпкерінің ішкі әлемін, оның тағдырын, қоғамдағы рөлін суреттеу тәсілі. Сол себепті әлемнің көркем бейнесін тереңірек ұғыну үшін Б. Иманғазинаның «Назым» повесі мен Р.Мұқанованың «Күнә» әңгімесін талдау нысанына алдық. Аталмыш туындыларда кеңістік пен уақыт, кейіпкердің ішкі жан күйзелісі, олардың әлемдесінуі, түптеп келгенде әйел тағдыры шынайы түрде суреттелген.

Б. Иманғазинаның «Назым» повесінің кейіпкерлері қатыгез әлемнің уысына түсіп, мықтап шегенделіп қалған жандар. Шығармаға бас кейіпкер Назымның қанаты қатаймай тұрып, тұл жетім болып қалуы, қаршадай қыздың мектеп-интернатты аяқтап өзге қалаға қоныс аударуы, өмірінің шырғалаңға толы мезеттері, ақыр соңында өліміне дейін тұтас бір адамның өмір жолы арқау болған. Әуелде өзін қандай бақытсыздық

күтіп тұрғанын білмеген Назым күйеуі Аяған мен қызы Назгүлден айырылып қалса да, үлде мен бүлдеге оранып, Төкеннің дәулетінің арқасында балқып-шалқып өмір сүреді. Күндердің күнінде Төкеннің «ашы өрік» турасында айтқанын құлағы шалған соң ғана етек-жеңін жинай бастайды. Оның шынайы бет-жүзін көргеннен кейін ғана аяғын шалыс басқанын аңдап, адасқанын сезеді. Осыдан бастап Назымның бақытқа толы өмірінің шырқы бұзылады. Оны біз шынайы өмірде әрқашан ұстамды Назымның эмоцияға толы ішкі монологінен-ақ байқауымызға болады. Мәселен, Төкенді өлтіретін кезде: «Ойы аласапыран... «Мұның көзін жоймасам, бұл менің көзімді жояды. Қаптаған қасқырларын соңыма салып, ақыры көзімді жойып тынар! Мұның көзін мен жоюым керек! Жоюым керек! Ақыры бір өлім болатын болса, алдымен бұл өлуі керек!» [9, 39]. Төкеннің өлімінен кейін: «Жоқ, еш өкінбеймін, өте дұрыс істедім. Бірақ, мен ондай айуан үшін түрмеге отырмаймын! Отырмаймын! Өздігімнен милицияға бармаймын, ал тауып алып жатса, – оны да көріп алдық!» [9, 41] деп өзін-өзі ақтауы, енді бірде: «Кімнің көңіл көтеретіндей жайы болса, соның қолжаулығы болыппын... Е, құдай, не жаздым?! Не үшін мені жолдан тайдырдың?! ...» [9, 41] деп өткен өміріне деген орны толмас өкініші мен ішін тырналап шыққан налысынан көреміз. Осы өмірдің барлық ауыртпашылығын арқалаған Назымның санасына бақытты болу үшін ақша да, үй де, көлік те емес, тек отбасы ғана керек екені енді ғана түседі. Бірақ тым кеш ұғынады... Сол себепті ғұмыр бойы опық жеп өтеді.

Өмір бойы бақыттың тәтті дәмін талмап тата алмаған Назымның балалық шағы да бақытқа мұқтаж еді. Әкесі соғысқа кетіп, қайтып оралмады. «Мінезі, қылығы да, үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейтін әдептілігі де осы күнге дейін елдің аузында» [9, 3] деп суреттелген аяулы анасы Ақсайранды да тағдыр аяй қоймады. Ері қан майданға кетіп аман оралмағандықтан, енесі Қатыштың батасымен көрші ауылдағы жігітке

тұрмысқа шығады. Бұғанасы бекіп, қанаты қатая қоймаған Назымды енесінің қолына қалдырып кетеді. Әкесін бір айрылып, анасынан да тірідей тағы айрылып жетім қалуы Назымның жанына жазылмас жара салады. Кейінгі өміріне де кері ықпалын тигізбей қоймады. Оны біз анасының қайтыс болғанын естіген Назымның әжесінің: «Сорлыны сор айдап барған ғой, әйтпесе осы ауылда күйеулері соғыстан қайтпаған, бір баласы да жоқ, жас келіншектер ежелерімен осы күнге дейін отыр ғой. Сен екеумізді тастап кеткені үшін құдай оның жазасын берді» [9, 3], - деп айтқан сөзінен байқауымызға болады. Одан бөлек «жетімдік менімен кетсін», «Өзімнің жетімдігім де ғұмырыма жетерлік» [9, 25] Тіпті, «Егер мені шешем тастап кетпесе ол өлмес еді, менің тағдырым да басқаша болар ма еді», «Барлық жамандық шешемнен!» [9, 44] деген ойлар Назымның санасын найзағай отындай шарпып, осып-осып өтеді. Міне, осының барлығы да бақытсыз тағдыр-талайына жазылған анасының қалдырған ізін айғақтай түсетін тәрізді.

Негізінде қазақ әйелі махаббатқа адал, ерінің қамқоры, өзінен бұрын отбасын, бала-шағасын ойлайтын еді. Ал Назымның бір осал тұсы сол – жанұясы, жалғыз қызы Назгүлі бола тұра, «мен неге жұрттың әйелі сияқты бақытты бола алмаймын?» деп «өзінде барын көзге ұрып», өз бақытын бағаламауында еді. Сөйтіп тура жолдан таяды. Ақыры өз отбасының шырқын бұзып тынады.

Назымға таңдау жасау мүмкіндігі берілгенмен, ол таңдауы оған бақыт құсы болып қонбады. Әу баста өз тағдырын басқаруға дәрменсіз болғанымен, уақыт өте келе өз қателіктерін түсініп, жаңадан өмір бастауға ұмтылады. «Енді солар үшін, қызымның бәле-жәледен аулақ болуы үшін, осы ауылдағы жақсы адамдар үшін, әрбір басқан қадамымды, аузымнан шыққан әрбір сөзімді аңдауым керек!» [9]. Соңында өзінің әлеуметтік шектеулерін еңсеру мақсатында күресуге бел байлайды. Ол әлеуметтік қысымға душар болған бейбақ жан.

Р. Мұқанованың «Күнә» әңгімесіндегі басты кейіпкер – қартайған Баян кемпір де әрбір атқан таңмен бұрынғы жасаған күнәлары үшін азап шегіп, кешірім сұрап, өзін-өзі кінәлап өмір сүріп келе жатқан сормандай. Әңгімеде Баянның жас кезінде бай отбасының келіні болып түсуі, қайынсіңлісі Гүлбарамның ауыр тағдырына куәгер болғаны баяндалады. Бай отбасының намысын сақтап, әулетті масқарадан құтқару үшін, Баян мен тоқал түн жамылып Гүлбарам босанған шақалақты өлтіріп, көмеді. Бұл – басты кейіпкердің өміріндегі ең ауыр күнәсі еді.

Осы күнә Баянды өмір бойы мазалап, жанына тыныштық бермейді. Әрбір таң атқанда, ол жасаған ісінің ауыртпалығын сезініп, Құдайдан кешірім сұрайды. «Өзін-өзі жазалаудың жолын таппай қамығып, тұншығып күй кешеді бұл байқұс. Түннің, қап-қараңғы қапас түннің тұнжырап енгенін қалайды. Тек ағарып таң атпаса екен» [10]. Осы үзіндіден-ақ Баянның жаны детті екенін аңғартады. Ол күнді емес, түнді қалайды, себебі таң атса, өткен күнәлары қайта есіне түсіп, жанын сыздататын жақсы біледі. Бірақ қанша жылап, жалынып, өзін ақтағысы келсе де, жасаған күнәсі жанын жегідей жейді. Әрбір таң атқан сайын, кейіпкер күнәсінің ашылатынын сезініп, ауыр азап шегеді. Баянның күнәсі – өміріндегі ең үлкен трагедия. Ол жасаған әрекеті үшін кешірім сұраса да, күнәсінің ауырлығы сонша – өзін-өзі ақтай алмайды. «Көзін жұмғаны – күнәсін мойындағаны» [10]. Ол күнәсін бүкіл жан-тәнімен сезініп, мойындағанмен, өз-өзіне кешірім жасай алмайтынын біледі.

Баян да кезінде еркін өскен қыз еді, бірақ ескі дәстүрдің құрбаны болды. Ол 14 жасында Әбілқасым байдың ұлына қалыңмалға сатылды, ешкім онымен санаспады да. Оның өзі қоғамның қатал заңына бағынғанын түсінгенімен, кейін осы жүйенің бір бөлшегіне айналғанын кеш аңғарды. «Мен жас едім. Он беске келіп, оң-солымды білгеніммен, бай туысы не айтса сол жөн шығар деп басымды шұлғи беретін жас едім» [10]. Ол дәрменсіз еді. Өз қалауымен өмір сүре

алмады, үлкендер айтқан жолмен жүрді. Гүлбарамның баласын өлтіргенде де, осы дәстүрдің қаһарынан қорықты. Ол шын мәнінде қатыгез емес еді, бірақ оны қоғамның қатыгез заңы мәжбүр етті. Демек, Баян өзі жек көрген жүйенің құрбаны бола тұра, сол жүйеге қызмет етті.

Р. Мұқанованың «Күнә» әңгімесіндегі Баян мен Б.Иманғазинаның «Назым» повесіндегі Назым – екеуі де тағдырдың тауқыметін тартқан, қоғамның құрбаны болған, қателіктерін кешіре алмайтын, өткеннің жүгін арқалаған әйелдер. Баян – дәстүрдің құрбаны болса, Назым – өз қателігінің құрбаны. Екеуіне де ортақ жайт – күнәларынан ешқашан арыла алмауы. Бұл екі кейіпкер арқылы қаламгерлер әйел жанының күрделі әлемін, ар-ұжданның азабын, қоғамның қатыгездігін бейнелей отырып, өткен шақтың көлеңкесінен құтылу мүмкін еместігін көрсете білген.

Негізінде көркем прозадағы әлемнің көркем бейнесі көбінесе кеңістік пен уақыт, кейіпкердің жан дүниесі, олардың әлемді қабылдауы арқылы беріледі. Осы тұрғыдан алғанда кеңістік пен уақыттың ұйымдасуы мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін айқындап, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесімен байланысын көрсетуге жол ашады.

Кесте 1. Әлемнің көркем бейнесінің берілу ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Салыстыру аспектісі	Р.Мұқанова «Күнә»	Б.Иманғазина «Назым»	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары
Әлемнің құрылымы	Статикалық, тұйық кеңістік. Өткен шақ пен қазіргі уақыт үнемі бір-бірімен астасып, кейіпкерді жиі мазалайды.	Динамикалық, өзгермелі кеңістік. Кейіпкер жаңа кеңістікте рге көктей өтіп, өзін табуға тырысады.	Екі шығармада да кейіпкерлер қоршаған ортаны өздерінің ішкі жан-дүниесімен қабылдайды.	«Күнә» - тұйық әлем, кейіпкер өткен шақпен өмір сүреді. «Назым» - өзгерістерге ұмтылған әлем.
Кеңістік	Көркемдік	Қала, ауыл, жол	Кеңістік кейіпкерді	«Күнә» - кеңістік

	кеңістік түн мезгілі мен таңғы уақыттың бинарлық оппозициясы арқылы беріледі. Түн – құмарлық пен күнәнің, таң – тазару мен жазаның нышан-белгісі.	көркемдік кеңістікте рі кейіпкердің өмірінің бұралаң жолдарын бейнелейді. Қала – адасу, ауыл – тұрақтылық, жол – жаңа өмірге талпыныстың, болашаққа қадам жасау нышаны.	ішкі күйін бейнелеу үшін қолданыл ады.	психологиялық қысымды күшейтеді. «Назым» - кеңістік кейіпкерге өзгеріс әкеледі.
Уақыт	Өткен шақ пен қазіргі уақыт тұйықталған шеңберде бір деммен қайталан береді. Кейіпкердің санасында өткен шақтан құтылудың мүмкін еместігі мықтап орныққан.	Көркемдік уақыт хронологиялық реттілікпен жүйелі дамиды. Назым бұрынғы жасаған қателіктерін ұғып, өткеннен сабақ алып, болашағын қайта бастауға ұмтылады.	Өткен шақ екі кейіпкердің де санасынан кетпейді, олардың әрекеттері не әсер етеді.	«Күнә» - уақыт тұйықталған, өзгеріссіз. «Назым» - уақыт алға жылжып, кейіпкер алға қадам басады.

Бұл екі шығармада да басты кейіпкер – әйелдер. Олардың тағдыр соқпақтары арқылы әлемнің қатал заңдары, гендерлік шектеулер мен кейіпкердің ішкі арпалыстары бедерленген. Р. Мұқанованың «Күнә» әңгімесіндегі әлем тұрақты күйдегі, тұйық кеңістік сипатын еншілеген. Алайда Баянның өмірі өткен шақ пен қазіргі шақтың арасында тұйықталған шеңбер секілді қайталанып отырады. Ол өз күнәсін кешіре алмай, уақыттың тұтқынына айналған жан. «Елу жыл бойы жүзін көрсетпей, бүгіжектеп, таң нұрымен алысып, күнәсін ойлап зар жылап өтіпті» [10]. Ал «Назым» повесінде кеңістік қозғалыста, өзгермелі сипатқа ие. Кейіпкер бір кеңістіктен екіншісіне ауысып, өзін-өзі табуға тырысады: «Мен Алматыға бармаймын, Тайжан жүрген

жерде жүрмеймін. Оқуға басқа жаққа кетемін» [9].

Екі шығармада да әйел тағдыры, нәзік жандылардың әлемді қабылдауы, ішкі жан-дүниесіндегі қарама-қайшылықтар суреттелгендіктен, әлемнің көркем бейнесін бейнелеудегі мәтіннің жасырын мағыналарын деконструктивизм теориясы тұрғысынан ашуға болады. Деконструктивизм – мәтіннің жасырын мағыналарын, оның ішкі қайшылықтарын ашуға бағытталған философиялық-әдеби әдіс. Бұл бағыттың негізін қалаушылардың бірі – Жак Деррида. Ғалым еңбегінде мәтіндегі бинарлық оппозицияларды (жақсы – жаман, күнә – арылу, еркіндік – тәуелділік) бұзып, олардың бір-біріне тәуелділігін көрсетуді ұсынады [11]. Ал зерттеуші Ролан Барт болса, мәтінді «автордың абсолютті билігінен» азат етіп, оқырманға оның көпқабатты құрылымын ашуға мүмкіндік береді» [12] деген пікір айтады. Талдау нысанына алынған екі туындыдағы әлемнің көркем бейнесінің көрінісін негізгі бинарлық оппозициялар арқылы талдау мақсатында Деррида әдісіне жүгіндік.

Кесте 2. Бинарлық оппозицияларды деконструкциялау

Бинарлық оппозиция	«Күнә» (Р. Мұқанова)	«Назым» (Б. Иманғазина)	Деконструкция
Күнә – Арылу	Баян күнәсінен ешқашан арыла алмайды, оның бұрынғы жасаған шалыс әрекеті өмірін айқындап береді.	Назым өз күнәларын түсініп, жаңа өмір бастағысы келеді.	Күнәдан толық арыла алмайды: Баян үшін бұл мүмкін емес, ал Назым өзін қайта тапқысы келсе де, өткеннің ізі қалады.
Түн – Таң	Түн – күнә, құмарлық пен өлімнің белгісі, ал таң – шындықтың ашылуы, бірақ кейіпкер үшін бұл қатал үкім.	Түн – адасу уақыты, бірақ рауандап атқан таң кейіпкерге өмірді қайта бастау мүмкіндігін береді.	Дәстүрлі ұғымда таң – жаңару нышаны, бірақ екі шығармада да таң кейіпкерлерге адамгершіліктің ауыр жүгін артады.
Әйел – Қоғам	Қоғам, қоршаған орта әйелге бұлжымас өз	Қоғам Назымды гендерлі	Қоғам мен әйел арасындағы шекара көмескі

	заңдарын танады. Баян сол заңдардың құрбанына айналады.	к тұрғыдан шектесе де, ол өзін табуға ұмтылады.	тартқан: әйел тағдыры түбегейлі жақсы жаққа өзгермесе де, ол қоғаммен бел шешіп күресе алады.
<b>Өткен шак– Қазіргі шак</b>	Өткен шак – үздіксіз қайталанатын үрей мен кінәнің белгісі.	Өткен – сабақ, бірақ ол кейіпкердің болашақ таңдауын толықтай анықтай алмайды.	Өткенді түбірімен жою мүмкін емес, бірақ оны қайта ұғынуға болады.

Жоғарыдағы бинарлық оппозицияларды қарастыра отырып, шығармаларда дәстүрлі түрде қалыптасқан мағыналардың түбегейлі орнықтағанын көреміз. Күнә мен арылу – абсолютті категориялар ғана емес, олар қоғам мен жеке тұлға арасындағы динамикалық қарым-қатынасқа тәуелді болып келеді. Қоғамдағы қалыптасқан мызғымас әлеуметтік құрылымдар мен адамгершілік нормалар адам тағдырына белгілі бір дәрежеде ықпал етері сөзсіз.

**Қорытынды.** Келтесінен қайырсақ, әйелдер прозасы сөз өнеріндегі ерекше құбылыс. Олай дейтініміз, әйел затының әлемді қабылдауы, сезімталдығы, нәзіктігі айрықша танымға ие. Әйелдер шығармашылығындағы әлемнің көркем бейнесі әйелдің қоғамдағы орнына, әлеуметтік контекстегі ішкі көңіл-күй ауандарына баса назар аудара отырып, шындықты қабылдаудың көпқырлы сипатын танытып отыр. Әйелдер прозасы нәзік жандылардың ішкі жан-дүниесінің терең қатпарларына терең бойлата отырып, адам баласының тірнектеп жинаған өмірлік тәжірибесінің жаңа қырларын ашуға ұмтылады. Бұл кітап тұтқынына айналған оқырманға гендерлік мәселелер мен тұлғалық жауапкершілік мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Әйелдер прозасы жаңа тақырыптарға қалам тартып, ұзақ уақыт бойы көлеңкеде сырт қалғандарды өз қатарларына ілестіру арқылы көркем

әдебиеттің шекарасын кеңейтеді. Бүгінде аталмыш проза үлгілері гендерлік теңдік, жеке бас бостандығы, өзін-өзі таныту тақылеттес басты мәселелерді алдыңғы қатарға қойып, мәдени және әлеуметтік диалогтың маңызды элементіне айналып үлгерді.

Әлемнің көркемдік бейнесі жасалатын жүйедегі кеңістіктік-уақыттық бейнелеу мен оны қайта жаңғырту суреткердің шығармашылық даралығына тікелей қатысты болып келеді. Әйелдер прозасының континуумындағы уақыт негізінен махаббат, отбасы және өзге де

гендерлік тартыстар, кейіпкерлер өміріндегі тағдыр тәлкегі ретінде көрініс тауып, көркемдік уақыт нақты уақытқа сәйкес келеді (Б.Иманғазина «Назым») не болмаса уақыт қайталанатын бір типті оқиғалардың тізбегі ретінде пайда болады (Р.Мұқанова «Күнә»). Әйелдер шығармашылығындағы кеңістіктік-уақыттық параметрлердің ерекшелігін олардың сезімталдығы мен нәзіктігінде екендігін қадап айтқан ғалым М.Бахтиннің [1] тұжырымы құптарлық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества [Текст] / М.М. Бахтин. – Москва: «Искусство», 1986. – 450 с.
2. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. М.: Academia, 1997. – 520 с.
3. Лихачёв Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность, от теории словесности к структуре текста. Антология. - М.: Academia, 1997. – 356 с.
4. Миллер Л.В. Художественная картина мира и мир художественных текстов. - СПб: Филологический факт, 2003. – 357 с.
5. Концепты жизни и смерти в русской культуре [Электронды ресурс] URL: <http://author-edu.ru/drinfo/a=node/138> (Қаралған күні: 05.03.2025).
6. Мейлах Б.С. Философия искусства и художественная картина мира // Вопросы философии, 1983, - № 7. - с. 116-125.
7. Чернышова Т.А. Художественная картина мира, экологическая ниша и научная фантастика // Художественное творчество. Вопросы комплексного изучения. - Л.: Наука, 1996. - с. 55.
8. Щипова И.А. Гончарова Е.А. Текст в парадигмах современного гуманитарного знания. – СПб: Книжный дом, 2006. – 286 с.
9. Иманғазина Б. «Назым» повесі [Электронды ресурс] URL: [https://bibiana.kz/kaz/files/nazym\\_b\\_ymangazyna\\_10\\_11\\_2019.pdf](https://bibiana.kz/kaz/files/nazym_b_ymangazyna_10_11_2019.pdf) (Қаралған күні: 05.03.2025).
10. Мұқанова Р. «Күнә» әңгімесі [Электронды ресурс] URL: <https://qalamger.kz/literature/proza/roza-m-anova-k-n/1039> (Қаралған күні: 05.03.2025).
11. Деррида Ж. Письмо и различие. Пер. с фр. Д. Кралечкина.- М.: Академический проект, 2007. - 495 с.
12. Барт Р. Смерть автора [Электронды ресурс] URL: [https://24centre.ru/uploads/files/Texts/Publicisticheskie/Smert\\_avtora.pdf](https://24centre.ru/uploads/files/Texts/Publicisticheskie/Smert_avtora.pdf) (Қаралған күні: 05.03.2025).

#### **References:**

1. Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Tekst] / M.M. Bahtin. – Moskva: «Iskusstvo», 1986. – 450 s.
2. Askol'dov S.A. Koncept i slovo // Russkaya slovesnost'. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiya. - M.: Academia, 1997. – 520 s.
3. Lihachyov D.S. Konceptosfera russkogo yazyka // Russkaya slovesnost', ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiya. - M.: Academia, 1997. – 356 s.
4. Miller L.V. Hudozhestvennaya kartina mira i mir hudozhestvennyh tekstov. - SPb: Filologicheskij fakt , 2003. – 357 s.
5. Koncepty zhizni i smerti v russkoj kul'ture [Elektronny resurs] URL: <http://author-edu.ru/drinfo/a=node/138> (Қаралған күні: 05.03.2025).
6. Mejlah B.S. Filosofiya iskusstva i hudozhestvennaya kartina mira // Voprosy filosofii, 1983, - № 7. - s. 116-125.
7. Chernyshova T.A. Hudozhestvennaya kartina mira, ekologicheskaya nisha i nauchnaya fantastika // Hudozhestvennoe tvorchestvo. Voprosy kompleksnogo izucheniya. - L.: Nauka, 1996. - s. 55.
8. SHChipova I.A. Goncharova E.A. Tekst v paradigmah sovremennogo gumanitarnogo znaniya. – SPb: Knizhnyj dom, 2006. – 286 s.
9. Imanfazina B. «Nazym» povesi [Elektronny resurs] URL: [https://bibiana.kz/kaz/files/nazym\\_b\\_ymangazyna\\_10\\_11\\_2019.pdf](https://bibiana.kz/kaz/files/nazym_b_ymangazyna_10_11_2019.pdf) (Қаралған күні: 05.03.2025).
10. Mұқанова R. «Күнә» әңгімесі [Elektronny resurs] URL: <https://qalamger.kz/literature/proza/roza-m-anova-k-n/1039> (Қаралған күні: 05.03.2025).



11. Derrida ZH. Pis'mo i razlichie. Per. s fr. D. Kralechkina. - M.: Akademicheskij proekt, 2007. - 495 s.  
12. Bart R. Smert' avtora [Elektronny resurs]  
[https://24centre.ru/uploads/files/Texts/Publicisticheskie/Smert\\_avtora.pdf](https://24centre.ru/uploads/files/Texts/Publicisticheskie/Smert_avtora.pdf) (Қаралған күні: 05.03.2025).

URL:

**Автор туралы мәлімет:**

**Секей Жанбота**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті  
Пошталық мекенжайы: 071417, Қазақстан Республикасы, Семей, Сатпаев көш., 87-85  
Ұялы тел: 8 775 844 00 77  
e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)

**Сведения об авторе:**

Должность: Кандидат филологических наук, Университет имени Шакарима г. Семей  
Почтовый адрес: 071417, Республика Казахстан, Семей, Сатпаева 87-85  
Сот. тел: 8 775 844 00 77  
e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)

**Information aboutte author:**

**Sekey Zhanbota**

Position: Candidate of Philological Sciences, Shakarim University of Semey city  
Mailingaddress: 071417, Republic of Kazakhstan, Semey  
Mob. phone: 8 775 844 00 77  
e-mail: [janbota2010@mail.ru](mailto:janbota2010@mail.ru)